ЖАҢАЛЫҚТАР

Шығыс Қазақстанда Ертістен балық ауламақ болған үш адам қазаға ұшырады

25 қараша 2026 жыл, 10:03



Өзен бетіндегі мұз (көрнекі сурет)

Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданында үш адам Ертіс өзеніне батып опат болған. Бұл туралы өскемендік yk-news.kz онлайн-басылымы хабарлады.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, оқыс оқиға Зевакино ауылы маңында болған.

Ертістен балық аулауға шыққан 1984, 1967 және 1960 жылы туған үш ер адам өзеннің жұқа мұзы ойылып кетіп, суға батып кеткен. Олардың үстінде суға батудан сақтайтын кеудеше болмаған. Марқұмдарды төтенше жағдайлар қызметінің сүңгуірлері судан алып шыққан.

Төтенше жағдай қызметі өзен мұзының қалыңдығы барлық жерде бірдей емес екенін, әсіресе ағысы бар өзен бетінде мұз жұқа болатынын, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажеттігін жұртқа ескертіп отыр.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған